ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ
БАСҚҰНШЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
БАСКУНЧИНСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ПАНФИЛОВСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТЬ ЖЕТІСУ

ӨКІМ

08. 01. 2026 ж.
Алмалы ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 4-Ө ж/к
село Алмалы

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды *(тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)* **жүзеге асыру туралы**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабы 5, 6 тармағына, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506,507-тармақтарына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу қызметі» қызметін (код 620920.000.000013) мемлекеттік сатып алу 16-баптың 3-тармағының 25-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бас маман Н. Сарпекова:

«Өнім беруші» "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамына веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін;

Шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда бекітілген қосымшаға сәйкес тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алынған мемлекеттік сатып алу туралы есепті орналастырсын.

3.«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қадағалауды және тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме жүктеймін.

Округ әкімі **Ж. Самықжанов**

000499